

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**



**Сұлу
патшайым
Естер**



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson**

Бейімдеген: Ruth Klassen


Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Баяғы заманда Естер атты сұлу қыз өмір сүрген екен. Оның ата-анасы қайтыс болып, оны немере ағасы Мардохай асырап алды. Естер ағасының жақсы қызы болып, оған мойынсұнып құрмет көрсетті.



2



Естер Парсы елінде тұрды. Бірақ Естер парсы қызы емес болатын. Ол еврей қызы еді. Оның ата-бабасы Персияға әскери тұтқын ретінде түскен. Естер өмір сүрген кезде, Персияда көп еврейлер тұрды.

3

Парсы патшасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген ханзадаларға арнап той жасады.



Ер адамдар Астин патшайыммен бірге тойлатқан әйелдерден бөлек тойлатты. Мас болған патша Астинге өзінің патшайым тәжін киіп, сұлулығын көрсетуге бұйырған. Астин бұйрықты орындаудан бас тартты.

4

Әйелдер өздерінің күйеулерін құрметтеу керектігін көрсету үшін патша Астиннің тәжін тартып алуға заң шығарды. Ол енді патшайым емес еді.



5

Жаңа патшайымды іздеу басталды. Патшалықтағы әдемі қыздардың барлығының арасынан патша өзіне Естерді әйелдікке таңдап алды. Ол оның басына патшайымның тәжін кигізді. Естер патшаға өзінің еврей қызы екенін айтпады, себебі оның немере ағасы оған айтуға тыйым салған еді.



6


Оның немере ағасы Мардохай өзінің уақытын Естер туралы жаңалықты есту үшін сарайдың кіреберісінде өткізді.



Бірде ол сарайдың екі қызметшісінің патшаны өлтірмек болғандарын естіп қалды. Мардохай ескерту жасап, бұл патшаның өмірін сақтап қалды. Қызметшілер дарға асылып, Мардохайдың есімі патшаның жазбалар кітабына енгізілді.

7

Патшаданкейінгі атағы екінші орындағы бай адам Хаман болды. Хаман өтіп бара жатқан кезде, бәрі оған жерге дейін иіліп тағзым ететін. Бір адамнан басқасының бәрі. Ұлты еврей Мардохай тек тірі Құдайға ғана тағзым етті.



8

Хаман Мардохайды қатты жек көріп, оны және Персиядағы барлық еврейлердің көзін құртпақ болды. Қандай сұмдық! Жауыз Хаман патшаны өтірік алдап, заңға қол қойғызды, оған сәйкес белгілі бір уақытта патшалықтағы әрбір еврей өлтірілетін болады.



9


Бұл қорқынышты заң еді. Еврейлер де, парсылар да қиналып кетті. Бірақ есіңде ме, Құдай Естерді патшайым еткен болатын. Ал ол – еврей қызы. Ол өзінің құпиясын патшадан сақтап қалар ма екен? Әлде өзінің халқын құтқару үшін басын өлімге тігер ме екен?




10

Құдай Естерге ақылды ой берді. Ол патша мен Хаманды қонақасыға шақырды. Сол жерде патша оған ол не сұраса да, беруге уәде етті. «Патша мен Хаман ертең де қонақасыға келсін», – деп жауап берді Естер. Сол кезде ол патшаға не қалайтынын айтады.

Осы уақыт аралығында Хаман Мардохайды асқызу үшін үлкен дар ағашын дайындап қойды.



11



12

Сол түнде патшадан ұйқы қашты. Сот қаулылары жазылған кітапты оқып отырып, ол өз өмірін құтқарып қалған Мардохайдың сол үшін ешқандай сый алмағанын көрді. Келесі күні таңертең патша Хаманнан: «Патша құрметтегісі келетін адамға не істеуі керек?» – деп сұрады.

Хаман масайрап кетті. Ол патша өзін айтып тұр деп ойлады.



13

Хаман патшадан Мардохайды дарға асуға рұқсат сұрауға келген. Барлық дар ағаштары дайын болатын. Енді бұл күте тұрса болады. Өрекігіен Хаман өзінің ұсыныстарын айтты. «Сол адамға патшаның шапаны мен тәжін кигізіңіз».




14



«Оны патшаның тұлпарына отырғызыңыз. Патшаның тұқымынан шыққан ханзада сол адамды қаладағы күллі жұрттың көз алдынан алып өтсін». «Тезірек бар да, яһуди Мардохайға осылай ет», –деп патша Хаманға бұйырды.


15



Мардохайға құрмет көрсетіп, қаланы аралатып жүрген кезде Хаман не сезді деп ойлайсың? Ол Хаманды бұрынғыдан бетер жек көрді. «Аздап күте тұр, –деп ойлаған шығар Хаман.


–Ол жақында басқа еврейлердің бәрімен бірге өледі».

16



Кейінірек сол күні Хаман мен патша Естер патшайым дайындаған қонақасыға келді. «Сіздің арыз-тілегіңіз неде?» –деп сұрады патша. Ол өзінің уәдесін ұмытқан жоқ. Хаманға нұсқап көрсетіп, Естер патшайым патшаға Хаманның барлық аяр жоспарын айтып берді. «Оны дарға асыңдар!» – деді патша.

17




Содан соң патша еврейлерге қорғануға мүмкіндік беретін тағы бір заң шығарды. Олар құтқарылды! Мардохай патшаның бас уәзірі болды, ал яһудилердің барлығы қуанып бір-біріне сыйлық сыйлады.

18

Сұлу патшайым Естер
Құдайдың Сөзі –
Киелі кітаптан алынған әңгіме
Естер

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

19



30

60

20

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.